ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ
БАСҚАРУ АКАДЕМИЯСЫ

Бекітемін
Академия бастығының
міндетін уақытша атқарушы
з.ғ.д. профессор
полиция полковнигі
_____ Ж.Р. Дильбарханова
2026 ж. «28» 01
м.о.

Жас ғалымдар кеңесі туралы
ЕРЕЖЕ

Ғылыми кеңесінің отырысында
талқыланып, мақұлданды
№ 6 хаттама
2026 жыл «28» 01

Астана, 2026

Scanned with CamScanner

Жас ғалымдар кеңесі туралы

ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1.1. Жас ғалымдар кеңесі (*бұдан әрі — Кеңес*) ғылыми, инновациялық және білім беру қызметіне жәрдемдесу мақсатында Қазақстан Республикасы ІІМ басқару академиясының (*бұдан әрі-Академия*) жас ғалымдарын, магистранттары мен докоранттарын біріктіретін консультативтік — кеңесші, ерікті, өзін-өзі басқаратын орган болып табылады.

1.2. Кеңес өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Қазақстан Республикасының Заңына *(01.07.2024 ж., 31.08.2025 ж. өзгерістер және толықтыруларымен),* ІІМ нормативтік құқықтық актілеріне, Академияның Жарғысына, сонымен қатар ғылыми әдеп номралары *(Ғылыми министрінің бұйрығымен бекітілген №529 20.11.2024ж.)* және осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

1.3. Кеңес жастардың ғылыми әлеуетін дамыту, ғылыми зерттеулердің сапасын арттыру, ғылыми мәдениетті қалыптастыру және жас ғалымдардың құқық қорғау органдары жүйесі алдында тұрған өзекті міндеттерді шешуге белсенді қатысуы мақсатында құрылады.

1.4. Кеңес өз қызметін Академияның ғылыми-зерттеу және редакциялық-баспа қызметін ұйымдастыру бөлімімен келісіліп, жалпы жиналыста бекітілетін жылдық жұмыс жоспары негізінде жүзеге асырады.

2. Кеңестің мақсаттары мен міндеттері

2.1. *Кеңестің мақсаты* – жас ғалымдардың кәсіби және ғылыми тұрғыдан өсуіне жағдай жасау, жастар ғылымын дамыту, ғылыми зерттеулерді халықаралық және ведомствоаралық ғылыми кеңістікке интеграциялауға жәрдемдесу.

✓ *Инновациялық бағыттағы,* болашағы бар жас ғалымдарды анықтап, олардың кәсіби дамуына және ғылыми мансап құруына ықпал ету.

2.2. Кеңестің негізгі міндеттері:

✓ Магистранттар мен докоранттардың ғылыми белсенділігін ынталандыру (педагогикалық және бейінді бағыттар бойынша);

✓ Ғылыми жұмыстарды **КОКСНВО, Scopus, Web of Science** және өзге де индекстелетін басылымдарда жариялауға жәрдемдесу;

✓ Жас ғалымдардың цифрлық және зерттеушілік құзыреттіліктерін дамыту;

✓ Құқық қорғау органдарының практикасына енгізуге бағытталған жобаларды ілгерілету;

Scanned with CamScanner

✓ Ғылыми конференциялар, форумдар, семинарлар, байқаулар және дөңгелек үстелдерді ұйымдастыру мен өткізуге қатысу;

✓ Ғылыми этика мәдениетін қалыптастыру және академиялық адалдық қағидаттарын сақтау;

✓ Кеңестің жалпы жиналыстары арасындағы кезеңде оның үздіксіз, үйлестірілген және тиімді жұмысын қамтамасыз ету.

✓ **3. Кеңес мүшелігі**

✓ **3.1.** *Кеңес мүшелері бола алады:*

✓ Академияның жас ғалымдары: профессорлық-оқытушылық құрам және ғылыми қызметкерлері — **40 жасқа дейін;**

✓ Магистранттар *(жас ерекшелігіне қарамастан)* (педагогикалық және бейінді бағыттар бойынша);

✓ Докторанттар *(жас ерекшелігіне қарамастан).*

✓ **3.2.** *Кеңес мүшелерінің құқықтары:*

✓ Кеңес ұйымдастыратын іс-шараларға қатысу;

✓ Ғылыми, жобалық және өзге де қызмет бағыттары бойынша бастамалар ұсыну;

✓ Ғылыми жобаларды іске асыруда кеңестік және ұйымдастырушылық қолдау алу;

✓ Пәнаралық және жоғары оқу орындары арасындағы ғылыми жобаларды дамыту;

✓ Басқа ЖОО, ғылыми ұйымдар және ғылыми-зерттеу институттарының ұқсас құрылымдарымен байланыс орнату;

✓ Ғылыми байқауларға, ұлттық және халықаралық бағдарламаларға қатысу.

✓ **3.3.** *Кеңес мүшелерінің міндеттері:*

✓ Кеңестің мақсаттары мен міндеттерін іске асыруға белсенді қатысу;

✓ Ғылыми этика нормаларын сақтау;

✓ Өз құзыреті шеңберінде Кеңестің шешімдері мен тапсырмаларын орындау.

4. Кеңестің құрылымы және басқару

4.1. Жас ғалымдар кеңесінің президиумы құрамына кеңес төрағасы, екі төраға орынбасары және хатшы кіреді.

4.2. Кеңес төрағасы:

✓ Кеңес мүшелерінің жалпы жиналысында 2 жыл мерзімге көпшілік дауыспен сайланады;

✓ Кеңес қызметін басқарады және оның жұмысына жалпы жауапкершілік арқалайды.

Төрағаның негізгі міндеттері:

Scanned with CamScanner

✓ Кеңес қызметін ұйымдастыру және үйлестіру;

✓ Академия басшылығы мен сыртқы ғылыми ұйымдар алдында Кеңесті таныстыру;

✓ Президиум мүшелері арасында міндеттерді бөліп, олардың орындалуын бақылау;

✓ Кеңес отырыстарының күн тәртібін және іс-шаралар жоспарын бекіту;

✓ Кеңес отырыстарын айына 1 рет немесе қажет болған жағдайда өткізеді;

✓ Ғылыми-әдістемелік және редакциялық-баспа кеңесінің төрағасына (аралық) және жылдық есептерді ұсынады.

4.3.Төраға орынбасарлары (2 адам):

Бөлек бағыттар бойынша жұмыс жүргізеді:

✓ **Бірінші орынбасар** – ғылыми-зерттеу және жариялау қызметіне жетекшілік етеді:

✓ Магистранттар мен докоранттардың ғылыми бастамаларына қолдау көрсетеді;

✓ Конференциялар, семинарлар, форумдарға дайындықты үйлестіреді.

✓ **Екінші орынбасар** – ұйымдастырушылық мәселелер мен халықаралық әріптестікке (гранттық қызметке) жауапты:

✓ Жас ғалымдардың гранттар мен ғылыми байқауларға қатысуына жәрдемдеседі;

✓ Халықаралық серіктестермен байланыс орнатады;

✓ Басқа ЖҒК және жастар ұйымдарымен өзара іс-қимылды ұйымдастырады.

4.4.Кеңес хатшысы ұйымдастырушылық және құжаттамалық қамтамасыз етуге жауапты.

Негізгі міндеттері:

✓ Кеңес отырыстарының хаттамаларын, ішкі хат алмасулар мен өтініштерді рәсімдейді;

✓ Күн тәртібін, хабарламаларды, қатысушылар тізімін дайындайдайды және бөлім шешімдерін назарға жеткізеді;

✓ Кеңестің құжаттарын мұрағаттайды;

✓ Ғылыми іс-шараларға қатысушыларды тіркеуді ұйымдастырады;

✓ Кеңес шешімдерінің орындалу мерзімдерін бақылайды;

✓ Кеңес мүшелерімен, кафедралармен және бөлімдермен байланыс орнатады.

5.Өзге құрылымдармен өзара іс-қимыл

5.1.*Кеңес келесі құрылымдармен өзара іс-қимыл жасайды:*

✓ Академия басшылығы және құрылымдық бөлімшелері;

Scanned with CamScanner

✓ Басқа да білім ұйымдарымен.

6.Қаржыландыру

6.1.Кеңестің қызметі келесі көздер арқылы қаржыландырылуы мүмкін:

✓ Академия қаражаты (келісім бойынша);

✓ Ғылымды қолдауға бағытталған гранттар мен сыртқы бағдарламалар;

✓ Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін демеушілік және өзге де көмек.

7.Қорытынды ережелер

7.1. Кеңес туралы ережені Академия бастығы бекітеді.

7.2.Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар Кеңес бастамасымен енгізіліп, белгіленген тәртіппен бекітіледі.

Scanned with CamScanner